

ҚОҒАМДЫҚ ҒЫЛЫМДАР

УДК 3

**ПРОФЕССОР О. СЫЗДЫҚОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ-
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ****Сейіткүлов Н.А.***п.ғ.д., профессор**Сүлейман Демирель атындағы университет***Резюме**

Современное общество предъявляет высокие требования к качеству образовательного процесса в вузе. В связи с этим особую актуальность приобретает введение в образовательное пространство вуза современных образовательных технологий, которые представляют собой способ создания, применения и определения образовательного процесса с учетом человеческих и технических ресурсов, направленных на его оптимизацию.

В настоящее время высшая школа Республики Казахстан, в том числе и педагогическая, неуклонно и последовательно переходит в новое качественное состояние. Многие важные события последних лет в жизни высшей школы связаны с разработкой и началом реализации нового поколения учебников и учебных пособий.

Summary

Modern society makes great demands of quality of educational process in higher education institution. In this regard special relevance is gained by introduction to educational space of higher education institution of modern educational technologies which represent a way of creation, applications and definitions of educational process taking into account the human and technical resources directed on its optimization.

Now the higher school of the Republic of Kazakhstan including pedagogical, steadily and consistently passes into a new qualitative state. Many important events of the last years in life of the higher school are connected with development and the beginning of realization of new generation of textbooks and manuals. In this article are briefly presented and analyzed pedagogical, creative and work of Candidate of Technical Sciences, doctor of pedagogical sciences, professor Syzdykov Omar.

Аңдатпа. Сыздықов Омар – техника ғылымының кандидаты, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының «Еңбек сіңірген рационализаторы», Халықаралық ақпараттандыру академиясының толық мүше – академигі, А.Г. Неболсин атындағы (Санкт-Петербург) Халықаралық сыйлығының Лауреаты.

Өмір бойы тынымсыз еңбек етіп, өз еңбегімен артына мұра болатындай отызға таяу оқулықтар мен оқу құралдарын жазып шығарған – О.Сыздықов туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған және өз жарияланымдарына шолу. О.Сыздықовтың оқулықтары мен оқу

құралдарының кейбіреулерін атап өтсек, олар: «Конструкциялық материалдар технологиясы», «Токарь ісінің негіздері», «Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі», «Материалтану және слесарлық іс», «Қазақша – орысша, орысша – қазақша терминологиялық сөзік».

Сыздықов Омар – техника ғылымының кандидаты, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының «Еңбек сіңірген рационализаторы», Халықаралық ақпараттандыру академиясының толық мүше – академигі, А.Г.Неболсин атындағы (Санкт-Петербург) Халықаралық сыйлығының Лауреаты.

1959-1963 жж. Кентау Экскаватор зауытында цех бастығы, ал 1963-1969 жж. Ащысай түсті металл комбинатында әртүрлі инженерлік қызметтер атқарды.

1969-2005 жж. Алматы қаласында тұрып, Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетінде оқытушы, аға оқытушы, доцент, профессор болып істеді.

1974-1979 жж. басшы қызметтер атқарды, соның ішінде, Алматы металл өңдеу зауытының директоры болды.

2005 жылдың 1 ақпанынан бастап Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-дың шақыруы бойынша университет профессоры, ал 2006 жылдың 1 қыркүйегінен «Кәсіптік оқыту технологиясы» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды.

2008-2010 жж. Астана қаласында педагогика ғылымдарының докторлық диссертация қорғалатын ОД 14.50.09 Кеңес мүшесі болды.

2014 жылдан бастап О.Сыздықов Сүлейман Демирел университетінің профессоры қызметін атқаруды жалғастыруда.

Әрбір ғалым, ұстаз немесе кез келген өндіріс саласының маманы өмірлік тәжірибеден өте келе өз мамандығын терең игеріп, оқулық және оқу құралдарын дайындап, оқырманға ұсынады. Қазіргі заманның талабына сай жазылған отызға таяу оқулық және оқу құралдарының авторы – О.Сыздықовтың өмірдеректері жөнінде негізгі жарияланымдарына тоқталайық, олар:

Батырбеков М.Б.Сыздықов Омар/Высшая школа Казахстана в лицах.– Алматы, «Нұрлы әлем»1998, т.1. с.199-200. Очерктер сериясының бұл бірінші кітабы Қазақстанда Жоғары мектепті ұйымдастыру басшылары, ғылыми-педагогикалық кадрлар қауымы, инженер кадрларын даярлауда еңбек еткен және нәтижелі еңбек етуші педагогтардың өмірдеректеріне арналған.

Құдайқұлов М.Ә. Менің ғылыми жетекшілігіммен дайындалған диссертациялар: Сыздықов О.Өмір-өнеге. – Алматы, 2000. -306-308 бб. Онда

автор «басқа шәкірттеріме қарағанда Омекең мені бірден өзінің білгірлігімен, байсалдылығымен және ізденімпаздық қабілеттерімен өзіне тарта білді. Менімен бірге ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген шақта, мен де инженерлік қызметтің қыр-сырын, құпия жақтарын жақсы ұғына бастадым. Алғыр инженер һәм педагог Омекеңмен кез-келген тақырыпта пікір алысқанда, оның терең білімділігі, өзінің жеке пікірі болатынына көз жеткіздім. Сондықтан да мен оған «ерекше» шәкіртім ретінде қарадым дей келе оның бастаған ісін аяқтауға ұмтылыс жасауы қашанда қанағаттанарлық сезімге бөлейтінін айтады.

О.Сыздықовтың өмір деректері Қазақ энциклопедиясының «Оңтүстік Қазақстан» бөлімі. Алматы, 2005, 469 бетінде жарияланған. Онда ғалым өмірінің бастапқы кезеңінен инженерлік қызметтерге дейін өсу жолдары және ғалым болу тұстары кең көрсетіледі. Басшы қызметтерде болуы, Қазақстан өнеркәсібін дамытуға қосқан үлесі, жарық көрген күрделі еңбектері талданады. О.Сыздықовтың өмір жолы жас ұрпаққа өнеге болатындығы ескеріліп, Оңтүстік өңірінен шыққан белгілі ғалымдар арасынан орын алуы жәйдан-жәй болмаса керек.

Республикалық апталық «Қаратау тәжі» газеті №13(102) 24 наурыз 2006 жылғы санына белгілі ғалым-журналист, сазгер Б.Сердәлінің «Тумысынан ғалым» деген мақаласында ғалым – Омар Сыздықұлының осы кезде жүргені жөнінде сөз қозғайды. Онда автор оңтүстік өңірінде туып-өскен индустриалда да, ғылымда да жаңалық ашқан ізденімпаз ұстаз-ғалымның білгір инженер болып қалыптасуы, басшы қызметтерде болғаны, көптеген ғылыми еңбектер мен оқулықтар жазғаны «Кәсіптік білім» саласының негізін қалаушылардың бірі екендігін атап өтеді.

Осы газеттің 28.04.2006 жылғы санында №18(107) «Қуанышыңыз құтты болсын» деген тақырыппен Омекеңді А.Г.Неболсин атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты (Санкт-Петербург) атағын алуымен құттықтайды. Мұндай сыйлықпен марапатталғандар арасында өте танымал тұлғалар бар. Атап өтсек, олар: Алферов Ж.И. – Нобель сыйлығының лауреаты, академик; Неболсин А.Р. – қоғам қайраткері (АҚШ), профессор; Слезнев Г.Н. – РФ Мемлекеттік дума депутаты; Кизим Л.Д. – космонавт, генерал-полковник; Пиотровский М.Б. – Эрмитаж директоры, академик және т.б. Дүние жүзі №301, ол Қазақстанда марапатталған сегізінші адам.

«Түркістан» газетінде №85-86 (8661) 4 қараша 2006 жылғы санында осы газет тілшісі Ляззат Сарыбаеваның «Талантты ғалым» деген атаумен

профессор О.Сыздықов туралы көлемді мақаласы суретімен берілген. Тәжірибелі журналист Л.Сарыбаева пед.ғыл.докт., профессор О.Сыздықовтың өмірдеректеріне терең талдау жасаған. Ғалымның мектепте оқыған шағы, жұмысқа араласа бастаған кезінен бастап жұмыс істеген ортасы. Аты әлемге әйгілі болған Кентау қаласындағы Ащысай түсті металл комбинатының жұмыс ыргағы, ондағы қол жеткен табыстары, біртоп инженер-техник қызметкерлері Лениндік сыйлықтың лауреаты болғаны, нәтижеде қалыптасқан инженер О.Сыздықовтың ҚазССР-на «Еңбек сіңірген рационализатор» Құрметті атағаның иегері аталуы сияқты табыстар жөнінде жазылған. Әрмен қарай 70-ке толып отырған той иесінің басшы қызметтер атқарғаны, ғылымға біржолата бет бұрғаны, оқулықтар мен ғылыми еңбегінің шыға бастауы мен нәтижелеріне де баса назар аударылады. Ата-баба қонысына Омекеннің оралуы, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде кафедраны меңгерумен қоса педагогика ғылымдарының докторлық диссертациялары қорғалатын Ғылыми Кеңес мүшесі болуы, ол Ғылыми Кеңестің ашылуы Омекеннің Түркістанға келуімен байланысты екендігі де мақала арқауы болғандай.

Республикалық қоғамдық-саяси «Евразия» газетінің №47(206) 12 желтоқсан 2008 жылғы санында Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің баспасөз хатшысы Ә.Білдебекованың «Токарь ісінің негіздері» оқулығы жарық көрді (автор О.Сыздықов) атты мақаласы басылған. «Токарь ісінің негіздері» атты оқулық қазақ тілінде тұңғыш рет басылып отыр, бұл оқулық колледж, техникалық мектеп оқушыларына, сондай-ақ токарь мамандары дайындалатын оқу орындары оқушыларына арналған.

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 15.01.2009 «Құттықтаймыз» деген сайтында интернет арқылы Университеттің «Кәсіптік оқыту технологиясы» кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР «Еңбек сіңірген рационализаторы», А.Г.Неболсин атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты, ҚР ПҒА академигі Омар Сыздықұлы 2008 жылдың соңында ҚР Білім және ғылым министрлігінің шешімімен «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін төсбелгісімен марапатталды» делінген.

«Егемен Қазақстан» газетінің 24 ақпан 2009 жылғы №72-73(25470) санында «Білім сапасы оқулыққа тәуелді» теген тақырыпта газет тілшісі Сүлеймен Мамет мырзамен болған көлемді сұхбатта О.Сыздықов осы кездегі оқулықтар сапасына баса назар аударады. Профессор О.Сыздықұлы осы кезге дейін жиырмадан астам оқулық жазған, тәжірибесі мол ұстаз. Біз көп жылдан бері көптің көңілінен шықпай, әртүрлі пікір-таластарға арқау болып жүрген

оқулықтың жайы туралы аз-кем ой өрбігіп көрсек дейді тілші. Жалпы, жақсы оқулық – қолқанат. Ол оқушыға да, ата-анаға да тиімді. Бала мұғалімнің айтқанынан ала алмаған мағлұматтарын оқулықтан алады. Оқулық – оқушының ой-санасын кеңейтеді, танымын өсіреді, тағылым береді.

Тұран баспасынан 2010 жылы шығарылған көрнекті әдебиет сыншысы ғалым – Құлбек Ергөбектің «Түркістан жинағы» деп аталатын жинақтың 1-кітабы түркі тілдес халықтардың тарихы, тілі, әдебиеті дегендей тұтас тағдырын әр қырынан қозғайтын, әр кезеңде жазылған мақалалар жинағы. Сол кітаптың 246-249 беттерінде «Қайсар қазақ» деген атаумен белгілі ғалым О.Сыздықовтың өмірдеректері туралы ауқымды мәліметтер берілген. Онда қазақ халқына КСРО тарапынан «ұлғшыл» деген айдар тағылған 1987 жылы Омекеннің Мәскеудегі «Институт стали и сплавов» жоғарғы оқу ордасының ғылыми кеңесінде кандидаттық диссертациясын қорғауы тұспа-тұс келуі және ізденушінің бұл әрекетін ерлік деп бағалауға тұрарлық дейді.

Туған ұлтына күйе жағып, кінә артып жатқан шақта талантты ұлан халқының дарындылығын осылайша танытты делінген. Осыған орай автор осы мақаласын «Қайсар қазақ» деп атаған.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ұсынысы бойынша «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасына енетін кітаптар топтамасы құрамында шығарылған «Қазақстан ғылымы» атты екі томдық энциклопедияның т.2, 339 бетінде Сыздықов Омардың өмірдеректерінен қысқаша мәліметтер берілген. Онда Қазақстан педагогика және Халықаралық ақпараттандыру академияларының академигі, ҚазССР-на «Еңбек сіңірген рационализатор», ҚР білім беру ісінің «Құрметті қызметкері» атақтарының иегері ретінде ғалым өмірінің кейбір тұстарына талдау жасалған.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығы мен көрнекті ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан педагогика ғылымдары академиясының академигі, А.Г.Неболсин атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты Сыздықов Омардың 75 жылдық мерейтойына Қ.А.Ясауи техникалық университеті, Герман техникалық ынтымақтастық қоғамы бірлесе «ОРТАЛЫҚ АЗИЯ РЕСПУБЛИКАЛАРЫНДА КӘСІПТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізді, ал өмірдеректері мен ғылыми жетістіктеріне арналған ғылыми материалдар келесі басылымдарда көрініс тапты:

Қазақстан педагогика ғылымдары академиясының Президенті, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, көрнекті

ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор А.Қ.Құсаиновтың «Білікті ғалым, ұлағатты ұстаз, Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» профессор Омар Сыздықұлы – 75 жаста» атты мақсалы жарияланған. Мақала авторы, ғалым О.Сыздықовтың өмірдеректерінен мәліметтер келтіре отырып, оның тіл жанашыры ретінде елімізге қазақ тілінің терминологиялық сөздіктерін жазуға белсене араласқан және ол кісі «қазақша-орысша», «орысша-қазақша» сөздіктер жинағының және қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігін («Машинажасау») жазған авторлардың бірі екендігін атап өтеді.

«Қазақстан жоғары мектебі» Халықаралық ғылыми-педагогикалық басылымының №2/2011 санының 5-6 беттерінде педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент С.Байсаринаның «Педагогика ғылымдарының докторы, профессор» Қазақстан Республикасының педагогика ғылымдары академиясының академигі Сыздықов Омар – 75 жаста» атауымен жарияланған мақаласы ғалымның өмірдеректерінен сыр шертеді. Автордың айтуынша ғалым үлкен өндіріс ошақтарында он жылдан астам тәжірибе жинақтаған соң, ғалым үлкен өндіріс ошақтарында он жылдан астам тәжірибе жинақтаған соң, басшы қызметте – Алматы металл өңдеу зауытының директоры қызметін атқарған. Нәтижесінде оның қаламынан кәсіби педагогика саласы мамандарын дайындауда өте қажетті оқулықтар туындаған. Мысалы, «Конструкциялық материалдар технологиясы», «Токарь ісінің негіздері», «Технология пәнін оқыту әдістемесі» сияқты оқулықтары үлкен таралыммен басылған және қазақ тілінде шығарылған тұңғыш оқулықтар қатарына жатады. Мақалада ғалымның негізгі марапаттары көрсетіліп, ғылымға қосқан мол үлесі туралы да мәліметтер берілген.

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Хабаршысының №1(73), наурыз-сәуір 2011 ж. «Жаратылыстану ғылымдар сериясының» 519 бетінде Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті «Кәсіптік оқыту технологиясы» кафедрасының меңгерушісі педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ПҒА академигі Сыздықов Омар Сыздықұлын университет ұжымы атынан «Құттықтау» жарияланған. Университет ректоры техника ғылымдарының докторы, профессор Лесбек Тәшімұлының құттықтауының мазмұны жарияланған. Университет ұжымы Сізді 75 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды дей келе кәсіптік педагогика саласының негізін қалаушылардың бірі ретінде елімізде және шет елдерде танымал ғалым екендігіңіз даусыз дейді.

Дрезден техникалық университеті мен Алматы гуманитарлы-техникалық университеті бірлесе орындап келе жатқан «Методика проектного

обучения в системе технического и профессионального образования (2008-2013 гг.)» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми жобаның жауапты орындаушысы ретінде өз үлесіңізді қосудасыз.

Сіздей адал жүректі азамат еңбегінің әділ бағаланып, ҚазССР-на «Еңбек сіңірген рационализатор», Халықаралық А.Г.Неболсин атындағы сыйлықтың иегері атандыңыз. ҚР Интустрия және сауда минситрлігінің III дәрежелі «Еңбек даңқы» және «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгілерімен марапатталдыңыз. 2009 жылы Университет – «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері атандыңыз. Қаламыңыздан туған 250-дей ғылыми еңбектеріңіз бен отызға тарта оқулық пен оқу құралдарыңыз жас өркенді білім нәрімен сусындағын келеді.

«Өмірі өнеге, еңбек жолы үлгі» атты мақала авторы Түркістан «Агрореммаш» АҚ директоры Ділмұрад Жамалов Түркістан қалалық қоғамдық-саяси газетте №40 (9045) 23 шілде 2011 жылы Омар Сыздықовпен әр жылдары Ташкент политехникалық институтында бір кафедрада оқығанын, бертін келе жұмыс бабымен тығыз байланыста болғанын тілге тиек етеді. Қазіргі кезде Омекеннің үлкен ғалым болғанын, ұлттық кадрлар дайындауда көптеген оқулықтар жазуы өндіріске де, ғылымға да қосқан мол үлесі деп есептейді.

Жоғарыда келтірілген Сыздықов Омар жөніндегі тарихи деректер бүгінгі күнгі ұстаздар мен шәкірттерге үлгі және өнеге, ел ғылымына, соның ішінде, кәсіптік педагогика саласына қосқан елеулі еңбегінің дәлелі деп санаймыз.